

МРНТИ 11.15.05
УДК 340.11
JEL K38, Z12

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-2-100-110>

ИЛЬЯСОВ К.Т.,*¹

докторант.

*e-mail: kainarilyass@mail.ru

ORCID ID: 0009-0007-6129-7994

БАЛГИМБЕКОВА Г.У.,¹

PhD, профессор.

e-mail: gulnarabalgimbekova@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-4405-1339

КЕНЖИБЕКОВА Э.П.,²

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: danaestai@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1915-4531

КОШПЕНБЕТОВ Б.М.,²

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: kbakhytkali@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-5054-6560

¹Академик Е. Бөкетов атындағы

Қарағанды университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ДИНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІ

Андатпа

Бұл мақалада қазіргі саяси-құқықтық жүйелердегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың түрлері және олардың жеке адамның діни сенім бостандығын жүзеге асыруына әсері жан-жақты талданады. Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылының зайырлылық, авторитарлық бақылау, кооперативтік модель сияқты негізгі үлгілерінің жіктелуі мен сипаттамасына ерекше назар аударылады. Олардың әртүрлі елдердегі, соның ішінде еуропалық мемлекеттер мен бұрынғы кеңестік республикалардағы көріністері, посттоталитарлық кезеңдегі діни саясаттың нақты дамуына баса назар аударылады. Қоғамдық-саяси тұрақтылықты, ұлттық қауіпсіздікті, азаматтық бірегейлікті нығайту тұрғысында автор діни саясатты талдаудың және мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастарды институттандырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Автор «дәстүрлі дін» және «мемлекеттік дін» ұғымдарының құқықтық және әлеуметтік-мәдени түсіндірмесін қарастырып, олардың көпұлтты және көпконфессиялы қоғамдарда қолданылу күрделілігін зерттейді. Мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар үлгілерінің типологиясы әсіресе айқын көрінетін діни институттар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың тарихи сипатымен анықталады деген тезиске ерекше назар аударылады. Түрлі мысалдарды талдай отырып, автор адам құқығы, плюрализм және өзара сыйластық қағидаттарына негізделген теңгерімді және тиімді діни саясатты әзірлеу кезінде мәдени-тарихи контекстті ескеруді ұсынады.

Тірек сөздер: мемлекеттік-конфессиялық қатынас түрлері, дін, діни сенім, діни бірлестік, секуляризация.

Кіріспе

Әлемде діни алауыздықтан туындап жатқан қақтығыстардың көбеюі діни салаға қатысты мәселелердің қазіргі уақытта өзектілігін жоғалтпағанын, керісінше, ең маңызды мәселелердің бірі екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жүргізіп отырған діни саладағы құқықтық саясат өз мақсатына толықтай жеткен жоқ, ал қолданыстағы заңнама елімізде деструктивті

діни идеологиялардың таралуына нақты тосқауыл бола алмады. Осыған байланысты қоғамда діни қатынастарды реттеу және діни қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік-құқықтық саясатты қайта қалыптастыру қажеттілігі күмән туғызбайды. Бұл саясат діни экстремизмге және деструктивті бағыттағы діни бірлестіктердің қызметіне қарсы іс-қимыл шараларының кешенін қамтуы тиіс. Жаһандану тудырған әлемдік деңгейдегі негізгі адамгершілік құндылықтардың өзгеру процесі тек белгілі бір ұлттың діни қауіпсіздігіне ғана емес, бүкіл адамзаттың қауіпсіздігіне де қауіп төндіреді. Жаһандану процестері түрлі діни қауымдастықтардың мәдениеті мен өмір салтын бірыңғайландырып, ал дәстүрлі діни құндылықтар жүйесін мен этностардың ұлттық өзіндік санасының ерекшелігін жойып, қоғам өміріндегі дәстүрлі діндер мен салт дәстүрдің орны мен рөлін төмендетуде. Құқықтық позитивизм әдісі Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, әкімшілік және қылмыстық заңнама нормаларын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді олардың заңдық күші, иерархиясы және тікелей реттеуші мазмұны тұрғысынан талдау үшін қолданылды. Бұл әдіс діни сенім бостандығына қатысты ұлттық құқықтық модельдің формальды-құқықтық құрылымын айқындауға мүмкіндік берді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезінде «Бір жағынан біз құқықтық консервативті және либералды идеологиялардың қақтығысына куәміз. Бұл бірқатар елді саяси тұрақсыздыққа әкеледі. Қазақстанда осы тектес жаһандық проблемаларға жіті назар аударылады. Бұл – ішкі саясатымыздың негізгі өзегі. Түрлі этнос, дін және ұлт өкілдері арасында толеранттылық пен өзара құрмет саясатын жүргізу маңызды деп санаймын» [1] деген болатын. Бұл елімізде діни тұрақтылық пен келісімді сақтаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетіп тұр.

Материалдар мен әдістер

Мақалада зерттеліп отырған мәселенің мәнін ашуға мүмкіндік берген жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда, тарихи, диалектикалық, формалды-құқықтық және салыстырмалы (құқықтық салыстырмалы) әдістер пайдаланылды. Тарихи әдіс Қазақстан Республикасындағы зайырлы мемлекеттің қалыптасуы мен дамуын зерттеуге мүмкіндік берді. Диалектикалық таным әдісі құқықтық құбылыстарды олардың өзара байланысы мен дамуында қарастыруға көмектесті, бұл жағдайда біз мемлекет пен конфессиялардың қарым қатынасының адамның діни сенім бостандығына әсерін зерттедік. Салыстырмалы-құқықтық әдіс әр түрлі елдердің мемлекеттік-конфессиялық қатынастарының үлгілерін салыстыру барысында қолданылды. Формалды-құқықтық әдіс (құқықтық догматика) діни бірлестіктердің қызметінің конституциялық-құқықтық аспектілерін реттейтін құқықтық нормаларды талдауға мүмкіндік берді. Конституциялық-герменевтикалық әдіс діни сенім бостандығына қатысты конституциялық ережелерді олардың мәтіндік мағынасымен шектемей, адам қадір-қасиеті, құқықтық теңдік, ар-ождан бостандығы, мемлекеттік бейтараптық және зайырлылық қағидаттарымен жүйелі байланыста түсіндіру үшін пайдаланылды. Осы әдістің көмегімен зерттеуде діни сенім бостандығын оқшау құқық ретінде емес, жалпы конституциялық құрылым аясында бағалау қажеттігі негізделді. Осы әдістерді қолданудың нәтижесі ретінде Қазақстандағы конфессиялармен қарым қатынас және діни сенім бостандығын сақтау бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды.

Нәтижелер мен талқылау

Әлемде екі жүзден астам мемлекет бар. Олардың өздерінің тарихына, ұлттық дәстүріне және мемлекеттің саясатына байланысты қалыптасқан әр түрлі мемлекеттік конфессиялық қатынас үлгілері бар. Заң ғылымында осыған байланысты бұл қатынастарды әр түрлі санаттарға бөліп, жіктеп зерттеу дәстүрі қалыптасқан. Бұл мақалада дін саласындағы құқықтық реттеудегі ең тиімді қатынас түрін анықтау үшін діни сенім бостандығын конституциялық-құқықтық қамтамасыз ету тәжірибесін зерттеп, өз еліміздегі діни құқықтық саясатты жетілдіру үшін ең тиімді конфессиялық қатынас түрін анықтадық. Осы мақсаттарға сәйкес бірнеше санаттарды

қарастырамыз. Классикалық кеңестік заң ғылымында мемлекеттерді үш топқа бөліп қарастырды:

- ♦ мемлекеттік ресми діні бар;
- ♦ барлық діндердің заң бойынша теңдігі бар;
- ♦ дін мемлекеттен бөлінген мемлекеттер.

Ал осы саланы зерттеген ғалым Е.Салыгиннің пікірінше, ғылымда қалыптасан үш жүйе бар:

- ♦ мемлекеттік шіркеу жүйесі бар;
- ♦ конкордаттық жүйе;
- ♦ мемлекеттік-шіркеулік қатынастардың плюралистік жүйесі [2].

Осыған ұқсас пікірді заң ғалымы К.Клейн келесі үлгілерді ұсынады:

- ♦ теократиялық үлгідегі мемлекеттер;
- ♦ ресми діні бар мемлекеттер;
- ♦ көпконфессиялы мемлекеттер;
- ♦ зайырлы мемлекеттер.

Шет елдік ғалымдар Д. Шелтон мен А. Кисе діни-мемлекеттік қатынастарды келесідей топтарға бөлуді дұрыс санайды:

- ♦ барлық дінге мемлекеттік бақылау бар;
- ♦ дінге қатысты бейтараптық қағидасы қалыптасқан;
- ♦ теократиялық басқару жүйесі бар;
- ♦ дінге тыым салу немесе оны шектеу саясаты бар мемлекеттер;
- ♦ мемлекет пен шіркеудің өкілеттіктері ажыратылған және нақты шекарасы бекітілген мемлекеттер.

Неміс ғалымы Г. Робберст Еуропалық Одақтағы діни-құқықтық жүйелердің үш негізгі түрін анықтаған:

- 1) мемлекеттік шіркеуі бар жүйе;
- 2) мемлекет пен шіркеудің қатаң бөлінуіне негізделген жүйе;
- 3) мемлекет пен шіркеу бөлінгенімен, олардың бірлесіп шешетін түрлі әлеуметтік міндеттері бар жүйе.

Ал, осы саланы зерттеп, мемлекет пен діни бірлестіктердің қатынасын жан жақты зерттеген отандық ғалым Р.А. Подопрigора келесі жіктеуді ұсынды:

1. Діни(теократиялық) мемлекеттер.
2. Ресми діні (шіркеуі) бар мемлекеттер.
3. Діни ұйымдарға қатысты бейтараптық қағидасы қалыптасқан мемлекеттер.
4. Діни ұйымдар мемлекеттен бөлінген мемлекеттер [3].

Бұл жіктеме мемлекеттерді нақты түрлерге бөлудің қисындылығымен және оның элементтерінің бір-бірімен үйлесімділігімен ерекшеленеді.

Зерттеу міндеттерін жүзеге асыру мақсатында біз испандық профессор, дін саласын зерттеуші Глория Моран ұсынған мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың үлгілерін де қарастырамыз. Бұл зайырлы мемлекеттерді «сепарациялық» және «кооперациялық» деп екі түрге бөліп қарастырады. Бірінші үлгі мемлекетте барлық діни бірлестіктердің теңдігін қамтамасыз ету және мемлекеттің діннен толық ажыратылғанын білдіреді. Ал кооперациялық түрде мемлекет белгілі бір конфессиямен немесе барлық діни бірлестіктермен әртүрлі салалда серіктестік қарым-қатынастар орнатады [4].

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірін ескере отырып, біз мемлекет пен дін арасындағы қатынасты зерттеуді екі негізгі үлгіні басшылыққа ала отырып зерттейміз:

1) «Зайырлы мемлекеттер» – бұл жерде мемлекеттік дін жоқ, ешбір діни бірлестік басым құқыққа ие болмады, барлық діндер мен діни нанымдар заң алдында тең және бірдей құқыққа ие (Ресей, Беларусь, Болгария, Словакия, Латвия, Молдова, Өзбекстан, Португалия және т.б.).

2) «Мемлекеттік ресми діні бар мемлекеттер» – мемлекеттік дін немесе ресми діні бар және ол діни бірлестік басқа діни бірлестіктерге қарағанда басым құқықтарға ие болады (Ұлыбритания, Дания, Швеция, Финляндия, Сауд Арабиясы, Бахрейн, Кувейт және т.б.).

Зайырлы мемлекеттер қатарына конституциясында діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінуі туралы нақты ережелер көрсетілмеген, бірақ барлық конфессиялардың тең мәртебесі

камтамасыз етілген және мемлекеттің олармен бейтарап қатынастағы елдер де кіреді. Мұндай елдерде бір немесе бірнеше дәстүрлі конфессиялардың халыққа ықпалы басым болып табылады (Германия, Италия, Ирландия және т.б.). Осылайша, бұл мемлекеттер мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың аралық үлгісін білдіреді, мұнда әр елдің өзіндік ерекшеліктері болады.

Осы үлгілер негізінде әр түрлі мемлекеттердің діни сенім бостандығының конституциялық-құқықтық камтамасыз етілуін қарастырамыз. Біріншіден біз зайырлы мемлекеттер АҚШ-ты және Италия Республикасын қарастырамыз.

АҚШ – демократиялық, федеративті, құқықтық, зайырлы мемлекет. Мұнда шіркеу мен мемлекет бөлек жұмыс істейді, ал барлық діндер тең құқылы. АҚШ-та христиандық, иудаизм, ислам, буддизм, индуизм және басқа да діндер кең таралған. Діни сенім бостандығы үшін күресте Р. Уильямс, У. Пенн, Д. Леланд, Т. Джефферсон, Д. Мэдисон және Ч. Хейнс секілді философтар мен мемлекет қайраткерлері маңызды рөл атқарды.

АҚШ Конституциясында және Билльдің бірінші түзетулерінде діни сенім бостандығын қорғауға арналған негізгі қағидалар көрсетілген. Конституцияға енгізілген Бірінші түзетуде: «Конгресс қандай да бір дінді мемлекеттің ресми діні ретінде орнатуға немесе қандай да бір дінді еркін ұстануға тыйым салатын заң қабылдамауы тиіс [5]» деп бекітілген. Осылайша, АҚШ-та шіркеу мемлекеттен заңнамалық түрде бөлінген.

АҚШ Конституциясының Бірінші түзетілімі анық жазылғанымен, АҚШ-та үкімет пен дін арасындағы шекараны белгілеу тіпті конституциялық құқық саласындағы мамандар үшін де қиынға соғады. Мемлекеттік мектеп оқушылары оқу күні ішінде ашық түрде дұға ете алмайды, алайда АҚШ Конгресінің әрбір сессиясы діни қызметкер оқитын дұғамен басталады. Жергілікті билік ғимараттарында Иса пайғамбардың туғанын бейнелейтін көріністер орналастыра алмайды, бірақ «Біз Құдайға сенеміз» ұраны АҚШ-тың ақшасында басылып тұр, ал діни ұйымдарға жасалған қайырымдылықтарға табыс салығы салынбайды. Шіркеу колледждерінің студенттері мемлекеттік несиелер ала алады, бірақ олардың бастауыш және орта мектеп жасындағы балалары діни мектептерге бару үшін мемлекеттік қаржы ала алмайды.

АҚШ Конституциясының VI бабы: «АҚШ-та қандай да бір мемлекеттік қызметті атқару үшін адамның діни сенімі бойынша сынақтан өтуі талап етілмейді» деп көрсеткен. Бұл ереже барлық діни сенімдегі немесе ешбір дінді ұстанбайтын адамдарға мемлекеттік қызметтерге жол ашты.

Бұл қағидалар штаттар мен жергілікті билік органдарына да қатысты, себебі Жоғарғы соттың шешімі бойынша Конституцияның Он төртінші түзетуінде штаттарға адамдардың бостандығын шектеуге тыйым салынғаны Бірінші түзетудің барлық штаттарға да қолданылатынын білдіреді. Бұл қағидаларға сәйкес, федералдық немесе штат билігі қандай да бір дінді ресми түрде бекіте алмайды, сондай-ақ дінге қатысты жалпы талаптар қоя алмайды. Сонымен қатар, билік дінді насихаттауға немесе қолдауға құқылы емес. Бірақ бұл мемлекеттің дінге жаулықпен қарауы керек дегенді білдірмейді. АҚШ Жоғарғы соты анықтаған «ізгі ниетті бейтараптық» саясаты биліктің діни рәсімдерді орындауға мүмкіндік беруін, бірақ оларды ұйымдастыруға және қаржыландыруға араласпауын талап етеді.

Діни сенім бостандығы туралы қағида биліктің діни нанымдарға араласуына тыйым салады және олардың діни рәсімдерге араласу мүмкіндігін шектейді. АҚШ Жоғарғы соты «сенім бостандығы» ұғымына келесідей түсініктеме береді: кез келген адам қалаған діни ілімді ұстану немес еш діни ілімге сенбеу құқығы бар, бірақ бұл абсолютті емес, кейбір жағдайларда мемлекет сенім түрлеріне нақты себептерге байланысты шектеу қоя алады. Бірақ мемлекеттік орган діни әрекеттерге кедергі тыйым салатын болса немесе шектейтін жағдайда, ол тек «жоғары дәрежелі қажеттілік» қағидатына негізделуі керек. Яғни билік өзінің мақсаттарына жету үшін діни бостандыққа аз шектеу қоятын баламалы әдістер жоқ екенін көрсетуі қажет.

XX ғасырдың 50-жылдарында АҚШ-та үш негізгі діни топ болды: протестант, католик және иудаизм. 1990 ж. протестанттардың саны 140 млн, католиктер 62 млн, ал иудаизмді ұстанушылар 5 миллионға жетті. Қазіргі кезде бұл үштік модель өзгеріске ұшырады. АҚШ-та төртінші дін, ислам қалыптасып, мұсылмандардың саны 5 миллионға жетті. Соңғы зерттеулер бұл елде 1250-ден астам мешіт пен ислам орталығы бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, шамамен 1200 исламдық баспа, радио станциясы және басқа да ұйымдар жұмыс істейді. Дегенмен, кейбір аймақтарда исламофобия проблемасы бар [6].

АҚШ-тың дінге қатысты саясаты плюрализмге негізделген. Діни еркіндікке кеңінен қорғау көрсетіледі, ал 1993 ж. қабылданған Діни бостандықты қалпына келтіру туралы заң биліктің діни сенімдерге араласуын қатты шектейді. Мемлекет тек аса маңызды мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін ғана діни бостандыққа араласуға құқылы. Сонымен қатар, діни қауымдастықтардың өзін-өзі басқару және автономия құқықтары мықты қорғалады. АҚШ тәжірибесі көрсеткендей, барлық діни топтарға құрметпен қарау – қоғамды тұрақтандырушы күш болып табылады.

АҚШ-та мемлекет пен дін арасындағы қатынастар классикалық «сепарациялық модель» бойынша реттеледі. Бұл жүйе заң жүзінде ғана емес, іс жүзінде де жүзеге асырылып келеді. АҚШ-та діни сенім бостандығы қамтамасыз етіліп, мемлекеттің араласуынан қорғалады. АҚШ тәжірибесі Қазақстан және басқа да постсоциалистік елдер үшін маңызды. Қазақстан заңдарында да мемлекет пен діннің бөлінуіне негіз бар, бірақ іс жүзінде бұл модель толық жүзеге асырылмаған. Қазақстанда діни сенім бойынша әр түрлі шектеулер бар, мысалы мектептерде Білім министрлігінің мектеп формасын сақтау бұйрығына сәйкес діни сенімі бойынша киінген оқушыларға сабаққа қатысуын шектеуі мүмкін немесе ол оқушылар мектеп формасына қойылатын талапты сақтауы тиіс. Бұл бұйрықты Қазақстанның зайырлы мемлекет болғандықтан мемлекеттік мектепте де зайырлық қағидасы сақталуы тиіс деп түсіндіріледі.

АҚШ-тың дін мен мемлекеттің толық бөліну моделіне қарама қарсы Италияда «кооперациялық модель» қалыптасқан.

1947 ж. Италияда демократиялық және әлеуметтік сипаттағы жаңа Конституция қабылданып, парламенттік басқару жүйесі мен унитарлық мемлекеттік құрылым орнатылды. Италияда дін бостандығы мойындалып, барлық азаматтарға өз дінін еркін ұстану, оны тарату және діни рәсімдерді жеке немесе көпшілікпен бірге орындау құқығы берілді.

Италияда мемлекет пен діни қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынастар «кооперациялық модель» бойынша реттеледі. Бұл жүйе мемлекет пен діни ұйымдар арасында арнайы келісімдер жасасу арқылы жүзеге асады. Италия Конституциясы діни сенім бостандығын қамтамасыз етеді және мемлекет пен дін арасындағы әріптестік қатынас орнатады:

- ♦ 7-бап: Католик шіркеуі мен мемлекет әрқайсысы өз саласында тәуелсіз болады.
- ♦ 8-бап: Барлық діни конфессиялар тең құқыққа ие және өз ережелеріне сәйкес қызмет етеді.
- ♦ 19-бап: Барлық адамдарға дінін еркін ұстану құқығы берілген, бірақ қоғамдық тәртіпке немесе моральға қайшы рәсімдерге тыйым салынады [7].

Католик шіркеуінің ерекше рөліне қарамастан, Италия зайырлы мемлекет болып саналады. Мемлекет пен Ватикан арасындағы қарым-қатынастар Латеран келісімдерімен реттеледі, ал басқа діни қауымдастықтармен жеке келісімдер жасалады.

Католиктік емес конфессиялар өздерінің діни сенімдеріне сәйкес ұйымдасу құқығына ие, бірақ олардың қызметі Италия заңдарына сәйкес болуы керек. Мемлекет әрбір діни қауымдастықпен жеке келісімдер жасасу арқылы олардың мәртебесін реттейді. Қазіргі таңда Италия мемлекеті бірнеше діни қауымдастықтармен келісімдер жасаған, соның ішінде вальдензиандықтар (1984), пятидесятниктер мен адвентистер (1986), иудаизм, баптистер және лютерандар (1993) бар [9].

Латеран келісімдері – 1929 ж. фашистік партия мен католик шіркеуі арасында жасалған келісімдер. Бұл келісімдер мемлекет пен шіркеу арасындағы ұзаққа созылған дауларды шешіп, Ватикан мемлекетін құруға негіз болды. Сонымен қатар, католик шіркеуі келесі салаларда артықшылықтарға ие болды:

- 1) діни рәсімдер;
- 2) экономикалық мәселелер;
- 3) мемлекеттік мектептердегі діни білім.

1947 ж. Республикалық Конституция қабылданғаннан кейін, бұл келісімдердің кейбір бөлімдері қайта қаралды. Конституция діни қауымдастықтарға кең автономия берді, бірақ католик шіркеуі ерекше мәртебеге ие болып қала берді.

Италияда діни ұйымдар үш деңгейлі жүйеге бөлінеді:

- 1) Ең жоғары деңгей – католик шіркеуі, конкордат арқылы ерекше құқықтармен қамтамасыз етілген.

2) Орташа деңгей – мемлекетпен келісім жасасқан діни қауымдастықтар (протестанттар, иудейлер және т.б.), олар католик шіркеуіне жақын құқықтарға ие.

3) Ең төменгі деңгей – мемлекетпен келісім жасамаған діни топтар (мысалы, мұсылмандар мен Иегова куәгерлері), олардың қызметі жалпы азаматтық заңдармен реттеледі және кейбір жеңілдіктерден айырылған.

Италияда католиктік діни білім мемлекеттік мектептерде оқытылады. 1984 ж. конкордат бойынша, мектептерде катехизис аптасына екі сағат оқытылады. Университет деңгейінде діни білім міндетті емес. Мемлекет діни білім беруді қаржыландырады. Ата-аналар мен оқушылар жыл сайын бұл сабақтарға қатысу-қатыспау туралы шешім қабылдай алады.

Италиядағы шіркеу мен мемлекеттің қарым-қатынасы ынтымақтастық қағидаттарына негізделген. Барлық діндер заң жүзінде тең құқылы болғанымен, католик шіркеуі іс жүзінде ерекше орынға ие. Бұл модельді басқа мемлекеттер де қолдана алады.

Біз қарастыратын келесі мемлекет ол Англия. Ұлыбританияның Конституциясының жаз-баша нұсқада жоқ және төрт негізгі көзден тұрады:

- 1) заңдар (статуттар);
- 2) сот прецеденттері;
- 3) конституциялық дәстүрлер;
- 4) доктриналық көздер.

Ел парламенттік монархия болып табылады. Ұлыбританияда діни сенім бостандығы бар, елде католиктер, иудейлер, мұсылмандар және буддистер қауымдары әрекет етеді. Бірақ ресми мемлекеттік шіркеу – Англикан шіркеуі, оның басшысы – Ұлыбритания монархы. Халықтың 47%-ы – протестанттар, 16%-ы – католиктер, сауалнама нәтижесінде 76% халықтың Құдайға сенетінін көрсетті [8]. Ұлыбритания көпұлтты, көп конфессиялы мемлекет, алайда ресми түрде тек екі шіркеу танылған:

- 1) Англикан шіркеуі – Англияда;
- 2) Пресвитериандық шіркеу – Шотландияда.

Уэльс пен Солтүстік Ирландияда ресми мемлекеттік дін жоқ. Мемлекет діни мекемелерге белгілі бір деңгейде көмек көрсетеді. Мысалы, түрмелер мен ауруханалардағы дін қызметкерлері жалақы алады. Сондай-ақ, мемлекет тарихи ғимараттарды (соның ішінде синагогалар мен католиктік шіркеулерді) қалпына келтіруді қаржыландырады.

Мектептерде барлық негізгі әлемдік діндер туралы пән оқытылады, бірақ басты назар христиандыққа және діни төзімділікке аударылады. Күнделікті мектептік дұға оқу міндетті. Ата-аналар балаларын діни сабақтардан босатуға құқылы. Солтүстік Ирландияда оқушыларға міндетті діни білім беріледі. Католиктер мен протестанттар бірлесіп білім алуы үшін интеграцияланған мектептер ашылғанымен, көп жағдайда католиктер католиктік, ал протестанттар протестанттық мектептерге барады.

Англикан шіркеуі ерекше мәртебеге ие:

♦ Ұлттық маңызды оқиғаларды ұйымдастыру құқығы бар (мысалы, монархты таққа отырғызу рәсімі).

♦ Шіркеу 24 епископы Лордтар палатасының мүшесі болып табылады және заң шығару процесіне тікелей әсер етеді.

♦ Тек Ұлыбритания монархы ғана шіркеу басшысы бола алады және міндетті түрде протестант болуы тиіс [10].

Англикан шіркеуі өзінің саяси ықпалын сақтап отыр, бірақ бұл кейде мемлекетпен қайшылықтарға әкелуі мүмкін. Ұлыбританияда шіркеу мен мемлекеттің байланысы Италиядағыдай емес, өйткені Англикан шіркеуі тікелей мемлекеттік билік жүйесінің бөлігі. Италиядағыдай ынтымақтастық моделі емес, клерикалдық жүйе орын алған. Бұл жүйеде мемлекеттік шіркеу ерекше мәртебеге ие, бірақ сонымен бірге діни сенім бостандығына да кепілдік беріледі. 1950 ж. бұрынғы Кентербери архиепископы: «Мүмкін, шіркеу өзінің бастапқы кезеңінде ғана толық еркін болған шығар» деп жазған еді. Орта ғасырларда шіркеуді Папа мен монарх, кейіннен монарх, ал ақырында Парламент бақылауына алды. Англикан шіркеуі қазір де «сырттан» бақыланады, өйткені оның негізгі заң шығарушы органы – Жоғарғы Шіркеу Синоды қабылдаған «шаралар» Парламенттің мақұлдауын қажет етеді, ал «канондар» заңға айналуы

үшін патшаның мақұлдауынан өтуі тиіс. Құдайға құлшылық ету формаларын Парламент бекітеді [11]. Мысалы, 1558 ж. Біркелкілік туралы Актімен бекітілді, ал оған өзгерістер 1662 және 1872 жж. енгізілді. 1928 ж. Парламент шіркеудің жаңа өзгерістер енгізу туралы ұсынысын қабылдамады, ал 1989 ж. Қауымдар палатасы алдымен ажырасқан ер адамдардың қайта некеге тұрып, діни қызметкер болуына рұқсат беретін шіркеу заңын қабылдамады. Жақында әйелдердің діни қызметкер болуына рұқсат беретін шіркеу заңын да Парламент мақұлдады. Осылайша, шіркеу заңдарына кез келген өзгеріс Парламенттің мақұлдауынсыз жүзеге аса алмайды.

Ресми шіркеудің артықшылықтарынан бөлек, англикан шіркеуі Құдайға тіл тигізбеу туралы заңмен қорғалады. Құдайға тіл тигізу ұғымын анықтау өте қиын. Егер белгілі бір тақырыпта христиандық доктринаның және Інжілдің шынайылығы жоққа шығарылып, бұл христиан дініне қорлау ретінде көрінсе, ол Құдайға тіл тигізушілік деп саналады [12].

Ұлыбританияда христиандық мерекелердің басым бөлігі мемлекеттік деңгейде тойланады, ал діни азшылықтар бұл артықшылықтан айырылған. Олардың діни мерекелері көбіне жұмыс күндерінің ортасына сәйкес келетіндіктен, жұмыс берушінің талаптарын орындай алмау жағдайлары жиі кездеседі, бұл өз кезегінде жұмыстан шығаруға алып келеді, ал оны сот арқылы даулауға мүмкіндіктері жоқ.

Заңның дін мәселелеріне бейтарап қарайтыны туралы ресми мәлімдемелерге қарамастан, англикан шіркеуі заң шығаруға ықпал ете алады және өзге діндерден өзгеше, заңнамалық тұрғыда қорғалған. Мемлекеттік мерекелер негізінен христиандық күнтізбеге сәйкес келеді, сондықтан христиандар өз діндерін еркін ұстана алады, ал өзге дін өкілдеріне бұл қиынға соғады. Оларға намаз оқу немесе діни мерекелерін атап өту үшін қосымша уақыт берілмейді. Христиан дініне жасалған мұндай артықшылықтар тарихи қалыптасқанымен, болашақта көпінді қоғамда оны ақтау барған сайын қиындай түспек.

Сонымен қатар, Ұлыбританияда мемлекеттің клерикалдық сипатына және монархиялық басқару жүйесіне қарамастан, жеке тұлғалар мен діни ұйымдардың дін бостандығын заңды түрде жүзеге асыруына барлық жағдай жасалғанын атап өту қажет.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысы әлемнің әр түрлі елдеріндегі діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы қатынасты жан жақты зерттеуге және оның ішінде елімізге тиімді модель түрін анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мемлекет пен дін қатынастарының үлгілері тарихи, саяси және мәдени факторларға байланысты әр елде түрлі сипатқа ие. Осы қатынас түрлерін талдай отырып біз мемлекет пен діни бірлестіктің ара қатынасына байланысты жіктеудің келесідей нұсқасын ұсынамыз:

- ♦ Зайырлы мемлекеттер, мұнда мемлекеттік құрылымдар мен мектеп шіркеуден бөлінген.
- ♦ Клерикалдық мемлекеттер, мұнда мемлекеттік дін бар.
- ♦ Теократиялық мемлекеттер, мұнда діни және мемлекеттік құрылымдар тұтасып кеткен және бір-біріне сәйкес өмір сүре алмайды.
- ♦ Аралас модельдер. Мысалы, зайырлы мемлекетте бір немесе бірнеше дін басымдыққа ие болуы мүмкін.

Осы типологияларды талдай отырып біз діни сенім бостандығын қамтамасыз етудің түрлі үлгілерін салыстырмалы-құқықтық тұрғыда жүйелеу арқылы Қазақстан үшін оңтайлы бағыттарды анықтадық.

Клерикализм біз үшін қолайсыз, бұл Ұлыбритания мысалында көрсетілді. Қазақстанда мемлекеттік дінді енгізуге құқықтық та, саяси да негіз жоқ. Бұл бағыт елеулі (тіпті қарулы) қақтығыстарға алып келуі мүмкін. Дегенмен, Ұлыбританиядағы клерикализмге қарамастан, мемлекеттің діни ұйымдарға деген көзқарасы дін ұстанушылардың құқықтарын құрметтеуге негізделген.

Дін бостандығы бірнеше онжылдық бойы сәтті жүзеге асырылып келе жатқан демократиялық мемлекеттердің тәжірибесі Қазақстан үшін маңызды. АҚШ-та қалыптасқан сепарация-

лық модель дін ұйымдарын мемлекеттен нақты бөліп көрсетуімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, АҚШ-тың «ізгі ниетті бейтараптық» принципі де оң тәжірибе болып табылады.

Кооперациялық модель еліміз үшін де қолайлы болуы мүмкін. Мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы келісімдер әртүрлі конфессиялармен қарым-қатынасты нақты реттеуге мүмкіндік береді, бұл мемлекет пен діни бірлестіктердің мүдделерін теңестіруге көмектеседі. Мысалы ТМД елдерінің басым бөлігінде заңдарында дәстүрлі діни ұйымдардың статусы анықталған. Ал Қазақстан заңнамасыда ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын көрсетеді. Бірақ бұл осы діни бірлестіктерге қандай да болмасын артықшылық бермейді. Егер біз Еуропа елдерінде қалыптасқан жүйені тиімді пайдаланып, дәстүрлі дін ұғымын заңды түрде бекітсек ол еліміз үшін пайдалы болар еді. Біріншіден дәстүрлі діндерді экстремистік, деструктивті ағымдарға қарсы күресте пайдалануға мүмкіндік беріледі. Екіншіден осы конфессиялар арқылы жастардың рухани құндылықтарын қалыптастыруға пайдалану мүмкіндігі артады.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» қолданыстағы заңға діни бірлестіктердің қызметін шектеуге бағытталған түзетулер қабылдауға жасалатын әрекеттер мен олардың сәтсіз аяқталуы бізде әлі де болса заңнаманы жетілдірудің қажеттілігін көрсетеді. Қоғамдық өмірді ұйымдастырудың демократиялық қағидаттарын және халықаралық міндеттемелерді ұстануға ұмтылыс авторитарлық дәстүрлермен, төзімсіздікпен, сондай-ақ мәселелерді бұрыннан белгілі әкімшілік шаралар арқылы шешуге талпыныспен қайшылыққа түседі. Ал мұндай шаралар іс жүзінде жағдайды одан әрі күрделендіреді.

Әртүрлі мәселелерді, соның ішінде мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды шешуде шетелдік тәжірибеге жүгіну қалыпты құбылысқа айналды. Өкінішке қарай, мұндай тәжірибе заң шығару үдерісінде де, құқық қолдану тәжірибесінде де дұрыс пайдаланылмайды. Түрлі мысалдар жалпы реттеу контексінен жұлып алынады, ал саяси режим, елдегі діни ахуал, тарихтағы діннің рөлі сияқты маңызды факторлар ескерілмейді. Сондықтан қолданыстағы заңнамаларды жетілдіруде осы факторларды бірінші орында басшылыққа алу керек.

Қазақстан үшін әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың бейтарап әрі ынтымақтастыққа негізделген үлгісін дамыту маңызды. Бұл елдегі дәстүрлі діндердің тарихи рөлін сақтаумен қатар, өзге діни конфессиялардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Ұсынылған тұжырымдар мемлекеттік-конфессиялық саясатты жетілдіруде, діни қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және құқықтық реформалар жасау барысында пайдаланылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмағалиқызы Қ. Бірлік пен әралуандыққа қарсы әрекеттерге жол берілмейді – Тоқаев // Egemen.kz. – 2025. URL: <https://egemen.kz/article/395305-birlik-pen-araluandyqqa-qarsy-areketterge-dgol-berilmeydi-toqayev> (өтініш берілген күн: 04.06.2026)
- 2 Roberts C.K. Freedom of Religion or Belief in the European Convention on Human Rights: A Reappraisal. Cambridge: Cambridge University Press, 2023. DOI:10.1017/9781009217959
- 3 Подопригора Р.А. Государственные и религиозные организации (административно-правовые вопросы): монография. – Алматы: Аркаим, 2002. – 324 с.
- 4 Weaver K. The Concept of Secularism in Comparative Constitutional Law // Southwestern Law Review. 2025. URL: <https://www.swlaw.edu/sites/default/files/2025-02/K%20Weaver%20Article.pdf> (accessed: 04.06.2026)
- 5 Конституция Соединенных Штатов Америки. 1787 г. URL: <https://www.hist.msu.ru/ER/Text/cnstUS.htm> (дата обращения: 04.06.2026)
- 6 Schragger R., Schwartzman M., Tebbe N. Reestablishing Religion // University of Chicago Law Review. 2025. Vol. 92. P. 199. URL: <https://ssrn.com/abstract=4733156> (accessed: 04.06.2026)
- 7 Конституция Итальянской Республики. 1947 г. URL: <https://legalns.com/download/books/cons/italy.pdf> (дата обращения: 04.06.2026)

8 Ferrari S. The Emerging Pattern of Church and State in Western Europe: The Italian Model // *BYU Law Review*. 1995. No. 2. P. 421–450. URL: <https://digitalcommons.law.byu.edu/lawreview/vol1995/iss2/4> (accessed: 04.06.2026)

9 Hunter-Henin M. Religious Neutrality at Europe's Highest Courts: Shifting Strategies // *Oxford Journal of Law and Religion*. 2022. Vol. 11. No. 1. P. 23–46. DOI: 10.1093/ojlr/rwac012

10 Онлашева Ж. Религия в современном мире: зарубежный опыт и Казахстан: монография. – Астана, 2009. – 201 с. URL: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1109254&simple=true>

11 Strhan A., Lee L., Shillitoe R. Becoming Humanist: Worldview Formation and the Emergence of Atheist Britain // *Sociology of Religion*. 2024. Vol. 85. No. 4. P. 454–481. DOI: <https://doi.org/10.1093/socrel/srad050>.

12 Ильясов К.Т. The reflection of religious belief and the legal regulation of the activities of religious associations in the norms of customary law // Е.А. Бөкетовтің ғылыми көзжиектері: материалы Международной научной конференции, посвященной 100-летию академика Е.А. Букетова. – Караганда: Изд-во Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, 2025. – С. 398–400.

REFERENCES

1 Jūmağaliqyzy Q. (2025) Birlık pen äraluandyqqa qarsy äreketterge jol berilmeıdı – Toqaev // *Egemen.kz*. URL: <https://egemen.kz/article/395305-birlik-pen-araluandyqqa-qarsy-areketterge-dgol-berilmeydi-toqaev> (ötınısh berılgen kün: 04.06.2026) (In Kazakh)

2 Roberts C.K. (2023) *Freedom of Religion or Belief in the European Convention on Human Rights: A Reappraisal*. Cambridge: Cambridge University Press. DOI:10.1017/9781009217959 (In English)

3 Podoprıgora R.A. (2002) *Gosudarstvennye i religioznye organizacii (administrativno-pravovye voprosy): monografija*. Almaty: Arkaim. 324 p. (In Russian)

4 Weaver K. (2025) The Concept of Secularism in Comparative Constitutional Law // *Southwestern Law Review*. URL: <https://www.swlaw.edu/sites/default/files/2025-02/K%20Weaver%20Article.pdf> (accessed: 04.06.2026) (In English)

5 Konstitucija Soedinennyh Shtatov Ameriki. 1787 g. URL: <https://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnstUS.htm> (data obrashhenija: 04.06.2026) (In Russian)

6 Schragger R., Schwartzman M., Tebbe N. (2025) Reestablishing Religion // *University of Chicago Law Review*. Vol. 92. P. 199. URL: <https://ssrn.com/abstract=4733156> (accessed: 04.06.2026) (In English)

7 Konstitucija Ital'janskoj Respubliki. 1947 g. URL: <https://legalns.com/download/books/cons/italy.pdf> (data obrashhenija: 04.06.2026) (In Russian)

8 Ferrari S. (1995) The Emerging Pattern of Church and State in Western Europe: The Italian Model // *BYU Law Review*. No. 2. P. 421–450. URL: <https://digitalcommons.law.byu.edu/lawreview/vol1995/iss2/4> (accessed: 04.06.2026) (In English)

9 Hunter-Henin M. (2022) Religious Neutrality at Europe's Highest Courts: Shifting Strategies // *Oxford Journal of Law and Religion*. Vol. 11. No. 1. P. 23–46. DOI: 10.1093/ojlr/rwac012 (In English)

10 Onlasheva Zh. (2009) *Religija v sovremennom mire: zarubezhnyj opyt i Kazahstan: monografija*. Astana. 201 p. URL: <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1109254&simple=true> (In Russian)

11 Strhan A., Lee L., Shillitoe R. (2024) Becoming Humanist: Worldview Formation and the Emergence of Atheist Britain // *Sociology of Religion*. Vol. 85. No. 4. P. 454–481. DOI: <https://doi.org/10.1093/socrel/srad050> (In English)

12 Il'jasov K.T. (2025) The reflection of religious belief and the legal regulation of the activities of religious associations in the norms of customary law // Е.А. Бөкетовтің ғылыми көзжиектері: материалы Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii, posvjashhennoj 100-letiju akademika E.A. Buketova. Karaganda: Izd-vo Karagandinskogo universiteta imeni akademika E.A. Buketova. P. 398–400. (In Russian)

ИЛЬЯСОВ К.Т.,*¹

докторант.

*e-mail: kainarilyass@mail.ru

ORCID ID: 0009-0007-6129-7994

БАЛГИМБЕКОВА Г.У.,¹

PhD, профессор.

e-mail: gulnarabalgimbekova@gmail.com

ORCID ID: 0000-0003-4405-1339

КЕНЖИБЕКОВА Э.П.,²

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: danaestai@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1915-4531

КОШПЕНБЕТОВ Б.М.,²

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: kbakhytkali@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-50546560

¹Карагандинский национальный исследовательский
университет им. академика Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан

²Казахский национальный педагогический
университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННО-КОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ МОДЕЛИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ СВОБОДЫ РЕЛИГИОЗНЫХ УБЕЖДЕНИЙ

Аннотация

Статья посвящена комплексному анализу типов государственно-конфессиональных отношений и их влияния на реализацию свободы вероисповедания личности в современных политико-правовых системах. Особое внимание уделяется классификации и характеристике основных моделей взаимодействия государства и религиозных объединений, таких как секуляризм, авторитарный контроль и кооперативная модель. Рассматриваются их проявления в различных странах, включая европейские государства и бывших советских республик, с акцентом на особенности формирования религиозной политики в посттоталитарный период. В контексте укрепления общественно-политической стабильности, национальной безопасности и гражданской идентичности автор подчеркивает значимость анализа религиозной политики и институционализации государственно-конфессиональных отношений. Поднимается вопрос о правовой и социокультурной интерпретации понятий «традиционная религия» и «государственная религия», раскрываются сложности их применения в многонациональных и многоконфессиональных обществах. Уделено внимание тезису о том, что типологизация моделей государственно-конфессиональных отношений определяется исторически сложившимся характером взаимодействия между религиозными институтами и обществом. Анализируя различные примеры, автор предлагает учитывать культурно-исторический контекст при разработке сбалансированной и эффективной религиозной политики, основанной на принципах прав человека, плюрализма и взаимного уважения.

Ключевые слова: типы государственно-конфессиональных отношений, религия, религиозные убеждения, религиозные объединения, секуляризация.

ILYASSOV K.T.,*¹

PhD student.

*e-mail: kainarilyass@mail.ru

ORCID ID: 0009-0007-6129-7994

BALGIMBEKOVA G.U.,¹

PhD, professor.

e-mail: abdrakhmanova.v@kaznmu.kz

ORCID ID: 0009-0000-1899-8452

KENZHIBEKOVA E.P.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: danaestai@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1915-4531

KOSHPENBETOV B.M.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: kbakhytkali@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-50546560

¹Karaganda National Research University

named after academician E.A. Buketov,

Karaganda, Kazakhstan

²Kazakh National Pedagogical University

named after Abai,

Almaty, Kazakhstan

STATE-CONFESSIONAL MODELS OF PROVIDING FREEDOM OF RELIGIOUS CONVICTION

Abstract

This article analyzes in detail the types of State-confessional relations in modern political and legal systems and their impact on the exercise of freedom of religion by an individual. Particular attention is paid to the classification and description of such basic models of interaction between the state and religious associations as secularism, authoritarian control, cooperative model. Their manifestations in various countries, including European states and former Soviet republics, emphasize the real development of religious policy in the post-totalitarian period. In the context of strengthening socio-political stability, national security, civic identity, the author emphasizes the importance of analyzing religious policy and institutionalizing state-confessional relations. The author considers the legal and socio-cultural interpretation of the concepts of «traditional religion» and «state religion» and examines the complexity of their application in multinational and multi-confessional societies. Particular attention is paid to the thesis that the typology of models of State-confessional relations is determined by the historical nature of interaction between religious institutions and society, which is especially pronounced. Analyzing various examples, the author proposes to take into account the cultural and historical context when developing a balanced and effective religious policy based on the principles of human rights, pluralism and mutual respect.

Keywords: types of state-confessional relations, religion, religious belief, religious association, secularization.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.04.2026